

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

№7 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

28.04.2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD, аға оқытушы А.Ш.Ермекбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. З.Сахитжанова, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. Н.Д.Қошанова, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К.Суинжанова, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD А.Қ.Мейірбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD К.Семиз, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD С.Б.Утебеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Б.Е.Нұрмагомбетова, АК мүшесі, академиялық персонал – Ш.А.Каримова, АК мүшесі, академиялық персонал – А.Д.Байдаулетова, АК мүшесі, академиялық персонал – С.А.Қонысова, АК мүшесі.

Күн тәртібі:

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау
3. Қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу
4. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау
5. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды: АК төрағасы мен мүшелері тілдер және әдебиет даярлау бағытында қамтылған ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау барысында аударма ісі ББ бойынша сұранысқа ие сапалы маман дайындау мақсатында синхронды аудармаға қажетті құрылғылардың қажеттілігінің маңыздылығы үшін айтылған ұсынысқа, университет басшылығының оң қабақ танытып, қолдау көрсеткендігін және 2-8 қосымша үшін қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын сатып алуға факультеттерден ұсыныс беруге мүмкіндік жасауының ББ үшін үлкен қолдау екендігі талқыланды.

Екінші мәселеде академиялық комитет мүшелері ББ шеңберінде әр білім беру бағдарламасы бағыты бойынша гугл дискте 9-қосымшада әр пән оқытушысының беретін пәндері мен біліктілік сертификаттары және сол пәндер бойынша оқытушының біліктілігінің сәйкестігі анықталған құжаттар сақтаулы.

Үшінші мәселе бойынша **А.Байдаулетова** сөз алды: Ағылшын филологиясы және аударма ісі ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс және біліктілігін арттыру тізімімен таныстырып, баяндама жасады. Оқытушылардың тілдік деңгейі, диссертациялық жұмыстарын орындауға және пәндер бойынша мамандануына жағдай жасалуы керек. Осы мақсатта, «Болашақ» бағдарламасы, «Орхон» бағдарламасы аясында тәжірибе алмасу мақсатында оқытушыларды бағыттау, сонымен қатар, шетелден мамандар шақырып, әртүрлі дөңгелек үстел ұйымдастыру қажеттілігін алға тартты.

Төртінші мәселеде барлық ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс беруге арнайы прайс тізім арқылы орталық кітапханаға ұсыныс толықтырылады.

Шешім: ББ іске асыруда университеттің мүмкіндіктері талқыланды деп қабылдансын. Әр ББ бағыты бойынша пән оқытушысы меңгеруі тиіс біліктілік арттыруы мүмкін жағдайлар қарастырылсын. Қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірленсін. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындалсын. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрағасы:



А.Ш.Ермекбаева

Хатшысы:



С.А.Қонысова